

БЕКІТЕМІН:

№8 «Болашақ»
бөбекжай-бақшасы
менгерушісі:  Левченко И.Г.



**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
ХАТТАМАЛАРЫ**

№8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы

№8 «Болашақ» бобекжай-бақшасы

МКҚК №8 «Болашақ» бобекжай-бақшасы

№1 Педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Тақырыбы : «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары».
Мақсаты: «2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу-оқыту жұмысын ұйымдастыру»

Күн тәртібінде:

1. Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру.
2. Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту
3. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту:
 - жылдық мақсат пен міндеттерді;
 - оқу жоспарларын;
 - ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі;
 - перспективалық жұмыс жоспарлары;
 - күн тәртібі кестесін бекіту
4. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту.
5. Жаңадан келген балалардың бейімделуі

Өткізген күні: 29 тамыз 2024 жыл

Қатысқан: 4 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: Калдыбаева Р.А.

Хатшы: Кубентаева У.А.

Бірінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының №1 педкеңесі дәстүрден тыс тәсілде өтті. Балабақша меңгерушісі Левченко И.Г. сөз алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Калдыбаева Р.А. педагогтарға топқа бөлінуді сұрады. Бірінші топ: жазғы сауықтыру кезеңіне талқылау жасады, екінші топ: менің жазғы демалысым. Жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңіне қорытынды жасалды, жазғы демалыс кезеңі талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді. 2024-2025 оқу жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырды. Жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстырып өтті. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді. Барлық топтарға ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, перспективалық жұмыс жоспарлары, таңғы жаттығу кестесі, күн тәртібі кестесін бекітіліп, таратылды. Балабақша тәрбиешісі педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына мотивациялық тренинг өткізді. Барлық педагогтар қызығушылықпен қатынасты. Жаңа оқу жылына әр педагог өзінше серпін алды, тренинг барлық педагогтың көңілінен шықты.

Төртінші мәселе бойынша Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықталды.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Калдыбаева Р.А. коучинг өткізді. Педагогтарға интелект карталармен жұмыс жасаудың тиімділігін көрсетті. «Мен 2024-2025 жылы...» деп әр педагог жаңа оқу жылына мақсаттарын жазып шықты. Жылдың соңында осы жазылған мақсаттары бойынша қорытынды жасалатын болады деп атап өтті. Жаңадан келген балалардың бейімделуін қадағалап, қолға алуды тәрбиешілерге тапсырылды. Олардың деңгейін анықтап, әр баламен жеке жұмыс жасауды көздеді.

Әр түрлі мәселелер бойынша жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңестің шешімін қабылданды.

Қаулы:

1. 11 қыркүйекке дейін топтардың жеке іс-қағаздары тапсырылсын.
2. Қыркүйек айының екінші аптасында перспективалық жоспарлар бекітілсін.
3. Топтар көрнекіліктермен жаңартылсын, ҰІӨ-тер дайындықпен жүргізілсін.
4. Топтарда дамытушылық орталықтар жасақталсын.
5. Балабақшада қамқоршылық кеңес құрылсын. Аналар, әкелер, әжелер мектебі жасақталсын.
6. Білім беру-тәрбиелеу процестеріне ата-аналар тартылсын. Ашық есік күндері ұйымдастырылсын

№8 “Болашақ” бөбекжай-бақшасы
№2 Педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Өткізілген күні: 23.11.2023ж

Қатысқандар - 4

Тақырыбы : Балалардың тілдік қатынасын жан-жақты дамытуда көркем шығарманы қолдану

Мақсаты: Педагогтердің оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру іс-әрекетінің тиімділігін арттыру, біліктілігін жетілдіру.

Күн тәртібінде:

Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы.

- Баланың даму деңгейінің көрсеткіші.

- Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту.

- Баланың негізгі тілдік құзіреттілігін қалай қалыптастырамыз?

- Балаларға арналған әдебиеттер және балалардың ой-қиялдарынан құрастырылған ертегі кітаптар.

Көрме

Тыңдалды: Менгеруші өз сөзінде №1 педагогикалық кеңесте:

1. оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін;

2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін;

3. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қыркүйек, желтоқсан және мамыр айында жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын;

4. Оқыту-тәрбиелеу процесінде тәрбиешілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 14 қазандағы №422 өзгерістер енгізу турал бұйрығы) мен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқytудың үлгілік оқу бағдарламасын, акпараттық-коммуникативтік технологияларын қолдансын;

5. Аттестаттау комиссиясының құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын деп шешім қабылданған болатын. Осыған байланысты қандай жұмыстар атқарылды.

Тыңдалды: әдіскер.

Жылдық жоспардың негізінде қыркүйек, қазан айларына айлық жоспарлар құрылып, балабақша қызметкерлері сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді. Жылдық жоспарға қарай тақырыптық оқу қызметі, ата-аналарға кеңес, тәрбиешілерге арналған семинар, отбасылық эстафеталық жарыс, балалар жұмысынан көрме, №1 өндірістік отырыс, топтық және жалпы ата-аналар жиналысы әдістемелік отырыс, қарттар күніне орай концерт балабақшаның "Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту" міндетін шешу мақсатында ашық оқу қызметі өткізілді. Күнделікті аурудың алдын алу шараларын жүргізу, балалардың серуенде ұзақ болуын қадағалау, топтарда температураны қатаң сақтау, сүзгі жүргізу, балабақша қызметкерлері және ата-аналар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу, топтардағы ауа режимін ұйымдастыруын қадағалау, баланы далада таза ауада қабылдау, ертеңгілік жаттығуды таза ауада ұйымдастыру, тыныс алу жаттығуларын, ұйқыдан кейінгі жаттығуды ұйымдастыру, балабақша айналасындағы денсаулық жолақшаларымен жүру, қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру, таза ауадағы серуенді ұйымдастыру, серуен кезінде қимылды ойындарды ұйымдастыру, ауа, күн ваннасын қабылдау, массажды кілемшелерде, қырлы тақталарда жалаңаяқ жүру, мәдени-гигиеналық машықтарды қалыптастыру, балабақша ауласын түскен

жапырақтардан тазарту жұмыстары ұйымдастырылды. Сондай-ақ жеке сұрақтар қойылды. Оқыту-тәрбиелеу процесінде тәрбиешілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, ақпараттық-коммуникативтік технологияларын қолдану үстінде. Аттестаттау комиссиясының құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарып жатыр.

ШЕШІМ:

№1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

2 ТЫҢДАЛДЫ: Әдіскер баланың даму деңгейінің көрсеткішіне тоқталды. Қыркүйек айында айлық жоспарға сәйкес баланың даму деңгейін анықтау мақсатында барлық топтарда индикатор жүргізілген болатын. Бұл бастапқы индикатор. Индикатор жүргізбес бұрын тәрбиешілермен бірігіп отырып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы «14» қазан № 422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» негізге ала отырып бес білім саласы бойынша сұрақтар құрдық. Индикатор жүргізгендегі негізгі мақсатымыз баланың даму деңгейі қандай соны анықтау болды. Әрине, балабақшаға бұрыннан келіп жүрген балалардың даму деңгейі тұрақты.

ШЕШІМ:

Баланың даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген индикатор қорытындысының негізінде барлық топ балаларымен бес білім беру дағдысы бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін. Баланың жеке даму траекториясының болжамын жасау парағын негізге ала отырып әр баламен жеке жұмыс жүргізілсін. Жауапты барлық топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі 2023 жылдың қараша, желтоқсан айлары.

3 ТЫҢДАЛДЫ:

Қазан айының айлық жоспарына сәйкес балабақшаның негізгі «Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында тәрбиешілер ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізген болатын. Ол ашық оқу қызметіне арнайы комиссия құрылып бақылау жасалған. Енді осы бақылаудың қорытындысы бойынша сөз кезегі әдіскерге беріледі деп сөзін аяқтады.

Шешім:

Көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметінде ауыз әдебиетін пайдалана білді және баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту бойынша жұмыстар жүргізді. Балалар өздерінің жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне қарай белсенділік таныта білді.

Тәрбиешілердің «Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында өткізген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері қанағаттанарлық деп есептелінсін. Осы міндетті шешуге байланысты ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен басқа да жұмыстарды жүргізу жалғастырылсын. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында

4 ТЫҢДАЛДЫ: Әдіскер

Тіл адам баласының іс-әрекеттерінің барлық жақтарын тегіс қамтиды. “Тілдің қимыл өрісі шексіз”. Адам өз ойын жеткізу үшін ғана сөйлесіп қоймайды, көңіл күйін, эмоциясын білдіру арқылы басқа адамдардың да сана-сезіміне әсерін тигізеді. Ол әсер сөйлеу тілімізде айтушының өз түсінігі бойынша, өз ойын тіл құралы арқылы жеткізе білуінен болса, көркем шығармалар— жазушының өмір тануына, дүние сезінуіне, көзқарасына сол өмір фактісін жинақтап, қорытып бейнелі тілмен жазу мәнерінен болады. Сөйлеу тілімізде сөздер бұрыннан машықталған үйреншікті қалыпта жұмсалады, ал көркем шығармада сөздер сараланып, белгілі стильдік мақсатта қолданылады. Көркем сөзбен жазылған әдеби шығарма — өмір фактілерін жан-жақты терең қамтитын жанды организм. Онда адам да, аң да, құс та, табиғат та — бәрі де қатысады. Тұрмыс-салт, шаруашылық,

экономика салаларының калпы, даму жолдары көрсетіледі. Көркем шығармада көптеген кейіпкерлер болады. Олар жағымды, жағымсыз образдарға бөлініп, топталады. Олардың әрқайсысының өз алдына жеке-дара сырт пішіні — портреті — жасалып, іс-әрекеттері, ой-өрісі, өмір тануы суреттеледі. Ол кейіпкерлердің тіл ерекшеліктері болады. Сөйтіп типтік образдар жасалады. Шығармалардағы адамдар табиғат қоршауында әрекет жасайды. Мұның бәрі шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшелігін айқындауда маңызды роль атқарады. Шығарманың көркемдік қасиеті ондағы қайталаусыз жасалған әр алуан образдар мен өмір құбылыстарының картиналары бейнелеулер арқылы көрінеді.

ШЕШІМ: Балалардың жас ерекшеліктеріне, жеке қабілеттерін ескере отырып ұйымдастырылатын оқу-тәрбие түрлерінде баланың негізгі тілдік құзіреттілігін арттыру, сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту мақсатында ауыз әдебиетін пайдалануды жалғастыру. Баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамытуда балалардың жас ерекшеліктеріне қарай тәсілдерді іріктеп тиімді пайдалануды жүзеге асыру.

Жауапты топ тәрбиешілері. Орындау мерзімі 2023-2024 оқу жылы барысында.

5-сұрақ бойынша тәрбиешілер балаларға арналған әдебиеттер және балалардың ой-қиялдарынан құрастырылған ертегі кітаптарынан көрме ұйымдастырды.

ШЕШІМ:

Тәрбиешілердің балаларға арналған әдебиеттер және балалардың ой-қиялдарынан құрастырылған ертегі кітаптарынан ұйымдастырған көрмелері қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Төрайымы:
Хатшы:



Калдыбаева Р.А.
Кубентаева У.А.

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық»

Мақсаты: Балабақша мен ата-аналар арасында өзара ынтымақтастық орнату және нығайту. Ата-аналарды тәрбие процесіне белсенді түрде тарту. Балалардың дамуына ата-аналардың ролін арттыру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді талқылау және қолдану. «Жас ата-аналар», «Аналар мектебі» және «Әкелер мектебі» аясындағы жұмыстарды жетілдіру. Ата-аналармен қарым-қатынасты заманауи әдістер арқылы тиімді ұйымдастыру.

Өткізген күні: 11 ақпан 2025 жыл

Қатысқан: 4 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: Калдыбаева Р.А.

Хатшы: Кубентаева У.А.

Күн тәртібі:

1. «Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз» іс-тәжірибе. Тәрбиеші: Кубентаева У.А.
 2. «Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Кубентаева У.А.
 3. «Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Калдыбаева Р.А.
- №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Левченко И.Г. сөз алды.

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп.

Балабақша меңгерушісі №2 педагогикалық кеңестің шешімдері бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Атап айтқанда:

1. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар қауіпсіздігі сақталсын
2. Ерекше білім беруді балалармен жұмыс жасай алуы үшін тәрбиешілер біліктіліктерін арттырсын.

3. Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.

Аталған қаулы бойынша жұмыстардың орындалуына оң баға берілді.

Қорытынды: Шешімдер толық көлемде орындалды. Жаңа жоспарлар жасау қажеттілігі атап өтілді.

2. «Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз» іс-тәжірибе. Тәрбиеші Кубентаева У.А. жас аналармен жұмыс жасаудағы тиімді тәжірибесін бөлісті. Жұмыс барысында психологиялық қолдау көрсету және эмоционалдық тепе-теңдікті сақтау қажеттігі айтылды.

Қорытынды: Жас аналармен жұмысты жандандыру үшін арнайы тренингтер жоспарлау туралы шешім қабылданды.

3. «Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші Кубентаева У.А. әкелердің балалар тәрбиесіндегі ролін арттыру бойынша тәжірибесін таныстырды. Әкелерге арналған шығармашылық және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қорытынды: Әкелерді тәрбиелік жұмыстарға көбірек тарту үшін жаңа форматтағы шаралар енгізу ұсынылды.

4. «Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші Калдыбаева Р.А. аналармен жүргізілген жұмыстардың тәжірибесін бөлісті. Балалардың эмоционалдық дамуына ананың ықпалы ерекше екені атап өтілді.

Қорытынды: Аналар мектебінің жұмысы тиімді жалғасуы үшін жоспарлы түрде шеберлік сағаттары мен семинарлар өткізу ұсынылды.

№3 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімдері толығымен орындалғаны назарға алынды.

2. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында:
 - Жас аналармен жеке және топтық жұмыстарды күшейтілсін.
 - «Әкелер мектебі» бағдарламасын жандандырылсын.
 - «Аналар мектебі» шеңберінде практикалық және шығармашылық шаралар өткізілсін.
3. Тәрбиешілерге ата-аналармен байланыс орнатуда заманауи әдістерді қолдану ұсынылсын.
4. Ата-аналармен өткізілетін іс-шаралар туралы есеп келесі педагогикалық кеңесте тыңдалсын.

Хаттаманы толтырған
Төрағасы



Кубентаева У.А.
Қалдыбаева Р.А.

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық санасы мен табиғатқа деген жанашырлық көзқарасын қалыптастыруда тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау және тәжірибеде қолдану жолдарын жетілдіру; педагогтердің экологиялық тәрбие беру ісіндегі кәсіби құзыреттілігін арттыру; отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайта отырып, тәрбиеленушілердің табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін дамыту.

Күні: 2025 жыл, "11" наурыз

Өткізілген орны: музыка залы

Уақыты: 13.00

Қатысқандар: 4 педагог

Қатыспағандар: 0 педагог

Төрайымы: балабақша меңгерушісі: Левченко И.Г.

Хатшы: Кубентаева У.А.

Күн тәртібі:

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

2. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері.

Әдіскер: Калдыбаева Р.А.

3. Экологиялық ойындар. Тәрбиеші: Кубентаева У.А.

4. Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру. Тәрбиеші: Калдыбаева У.А.

5. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

1. №4 педагогикалық кеңес тақырыбы:

«Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері»

Балабақша меңгерушісі Левченко И.Г. №4 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып, №3 педагогикалық кеңес шешіміне тоқталып, оң бағасын берді.

2. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері

Баяндамашы: Әдіскер Калдыбаева Р.А.

- Калдыбаева Р.А. экологиялық тәрбиенің маңыздылығын атап өтіп, мектепке дейінгі балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятудың негізгі әдіс-тәсілдері туралы баяндама жасады.
- Педагогтарға балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, экологиялық тәрбиені ойын арқылы ұйымдастыру ұсынылды.

3. Экологиялық ойындар

тәрбиеші: Байзакова К.К.

- «Табиғатты қорға», «Су тамшысы», «Орман достары», «Құстарға көмектесейік» ойындары көрсетіліп, балалардың экологиялық мінез-құлқын қалыптастырудағы рөлі түсіндірілді.
- Ойын арқылы балаларға табиғатты қорғау ережелерін үйрету, экологиялық дағдыларды дамыту жолдары ұсынылды.

4. Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру

Тәрбиеші Кубентаева У.А.

- Кубентаева У.А. ата-аналардың балаларды табиғатты қорғауға үйретудегі рөлін атап өтті.

- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың формалары: әңгіме, ата-аналар жиналысы, практикалық шеберлік сабақтары ұсынылды.
- Балабақша мен отбасының тығыз байланысы балалардың экологиялық тәрбиесін тиімді етуге ықпал ететіні көрсетілді.

Тыңдалды:

Барлық баяндамалар тыңдалып мен шеберлік сағаттар мен тәжірибе бөлісу өткізіліп, ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

№4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер:

1. Педагогтерге мектепке дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу ұсынылсын.
2. Тәрбиешілерге (Кубентаева У.А., Калдыбаева Р.А.) балалармен және ата-аналармен экологиялық іс-шаралар ұйымдастыруды жалғастыру ұсынылсын.
3. Балабақша ауласында «Экологиялық бұрыш» ұйымдастыру жұмыстары қолға алынсын (жауаптылар: тәрбиешілер).

Хаттаманы толтырған:

Төрайымы:



Кубентаева У.А

Калдыбаева Р.А.

Баяндама

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері

Кіріспе

Қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі – қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Бұл мәселенің шешімі бала кезден бастап, табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие беру – балабақшадағы тәрбие мен білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады. Мектепке дейінгі кезеңде бала айналасындағы дүниені танып-білуге ұмтылады. Сол себепті дәл осы жаста олардың бойында табиғатқа ұқыпты қарау, табиғи құндылықтарды сақтау сияқты маңызды экологиялық әдет-дағдыларды қалыптастыру қажет.

Мақсаты:

Балалардың табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Негізгі бөлім

Экологиялық тәрбиенің міндеттері:

1. Табиғат құбылыстары мен нысандары туралы түсініктерін кеңейту;
2. Табиғатқа ұқыптылықпен қарау, оған қамқор болу дағдыларын қалыптастыру;
3. Балалардың бақылау, зерттеу, қорытынды жасау дағдыларын дамыту;
4. Экологиялық сана мен табиғат аясында мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;
5. Адам мен табиғат арасындағы байланыс туралы түсінік беру.

Экологиялық тәрбиенің негізгі бағыттары:

- **Танымдық:** Балалардың табиғат туралы білімін қалыптастыру;
- **Мотивациялық:** Табиғатқа деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін ояту;
- **Практикалық:** Табиғатты қорғауға бағытталған нақты іс-әрекеттерді орындау (гүл егу, ағаш отырғызу, жануарларға қамқорлық жасау);
- **Мінез-құлықтық:** Табиғатқа зиян келтірмеу, ұқыпты қарым-қатынас жасау, экологиялық нормаларды сақтау.

Мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері

1. Бақылау әдісі

- Табиғат құбылыстарын бақылау – баланың дүниетанымын кеңейтудің негізгі әдісі.
- Мысалы: ауа райының өзгерісін, гүлдердің өсуін, құстардың тіршілігін күнделікті бақылай отырып, бала табиғат заңдылықтарын түсінеді.

2. Экскурсиялар мен серуендер

- Балалармен табиғат аясында ұйымдастырылған серуендер мен экскурсиялар арқылы оларды тірі табиғатпен таныстырып, табиғатты қорғаудың маңызын түсіндіруге болады.
- Мысалы: "Жапырақтар әлемі", "Құстарға саяхат", "Судың пайдасы" тақырыптарында серуендер ұйымдастыру.

3. Тәжірибелер мен зерттеу жұмыстары

- Қарапайым тәжірибелер арқылы балалар табиғаттағы өзгерістерді түсінеді.
- Мысалы: тұқым егу, гүл өсіру, судың булануы, жарық пен көлеңкенің әсері туралы тәжірибелер.

4. Еңбек әрекеттері

- Табиғат аясында ұйымдастырылған еңбек – экологиялық тәрбиенің негізгі әдістерінің бірі.
- Мысалы: гүлзарларды күтіп-баптау, ағаш отырғызу, жануарларға жем беру.

5. Экологиялық әңгімелер мен ертегілер оқу

- Мысалы: «Табиғат – анамыз», «Орман патшалығы», «Таза ауа – денсаулық кепілі» тақырыптарында ертегілер мен аңыз-әңгімелер оқу балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятады.

6. Экологиялық мерекелер мен акциялар

- Балабақшада "Құстар күні", "Жер күні", "Таза планета", "Ағаш отырғызу күні" сынды мерекелер өткізу арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамытуға болады.

7. Экологиялық ойындар мен дидактикалық тапсырмалар

- "Табиғатты қорға", "Жануарларға көмектесейік", "Қай орманның тұрғыны?" сияқты рөлдік және қимылды ойындар арқылы экологиялық білім бекітіледі.

8. Көркем өнер және шығармашылық тапсырмалар

- Балалар табиғат құбылыстарын сурет салу, аппликация жасау арқылы бейнелейді. Бұл олардың шығармашылығын дамытып қана қоймай, табиғатқа эстетикалық көзқарасын қалыптастырады.

Мектепке дейінгі экологиялық тәрбиеде педагогтің рөлі

Педагог:

- Балалардың табиғатқа деген оң көзқарасын қалыптастырушы;
- Экологиялық ережелерді күнделікті іс-әрекеттерде қолдануды үйретуші;
- Балаларға экологиялық мәселені түсіндіруші және шешім табуға бағыт беруші тұлға.

Педагог әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде, күнделікті өмірде табиғатқа деген қамқорлықты сөзбен емес, іспен көрсетуі керек. Өйткені тәрбиеші үлгі болса, бала соны қайталайды.

Отбасымен байланыс

Балабақша мен отбасының тығыз байланысы арқылы экологиялық тәрбие тиімді жүзеге асады.

- Ата-аналармен бірлескен жобалар: "Менің гүлзарым", "Отбасымен саяхат", "Құстарға ұя жасайық!"
- Ата-аналарға арналған экологиялық тақырыптағы дәрістер мен әңгімелер.
- Табиғатты қорғау бойынша үй тапсырмаларын беру (үйде гүл өсіру, коқысты сұрыптау).

Қорытынды

Экологиялық тәрбие – адамзаттың болашағын сақтаудың маңызды тетігі. Мектеп жасына дейінгі балалар табиғатқа жақын болу арқылы оның маңызын түсініп, жауапкершілікті сезіне бастайды. Балабақшада экологиялық тәрбиені жүйелі ұйымдастыру – балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырып, болашақта табиғатты қорғайтын, жанашыр азамат тәрбиелеуге негіз болады.

Ұсыныстар:

1. Педагогтер экологиялық тәрбие әдістерін күнделікті іс-әрекетте қолдансын.
2. Экологиялық тақырыптағы мерекелер мен жобаларды белсенді ұйымдастыру.
3. Отбасы мен балабақша арасындағы бірлескен экологиялық іс-шараларды арттыру.

№5 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Күн: 28 мамыр 2025 жыл

Уақыты: 13.00

Отыру түрі: Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі

Тақырыбы: «Оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі»

Мақсаты: Мектепке дейінгі мекемеде барлық іс – әрекеттер нәтижесін және әр педагогтың жеке ісін қорытындылау, тәрбие – білім.

Қатысқандар:

- МДҰ меңгерушісі – Левченко И.Г.
- Әдіскер – Калдыбаева Р.А.
- Барлық тәрбиешілер

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп

Баяндамашы: Меңгеруші Левченко И.Г.

№4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер:

1. Педагогтерге мектепке дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу ұсынылып.

2. Тәрбиешілерге (Кубеигтаева У.А., Калдыбаева Р.А.) балалармен және ата-аналармен экологиялық іс-шаралар ұйымдастыруды жалғастыру ұсынылып.

Жыл басында белгіленген іс-шаралардың орындалу барысы талданды. Мақсатты көрсеткіштерге жету нәтижелері туралы қысқаша шолу жасалды. Педагогтармен орындалған әдістемелік, тәрбиелік жұмыстар аталып өтті

2. Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есебі

Баяндамашылар: Барлық педагогтер

Жетекшілік: Әдіскер Калдыбаева Р.А.

Әр педагог өз тобы бойынша жүргізген оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін таныстырды. Ашық сабақтар, ата-аналармен жұмыс, диагностикалық нәтижелер қамтылды. Жетістіктер мен жетілдіруді қажет ететін тұстар талқыланды. Жылдың басында алдарына қойылған мақсаттардың орындалуын талқылады.

3. Тренинг-жаттығу: «Бір жылғы жетістігімізді қорытындылайық»

Жүргізуші: Әдіскер Р.М. Изтлеуова

Мақсаты: Педагогтердің жыл бойы атқарған еңбектерін ұжымдық талдау арқылы жағымды эмоционалды ахуал қалыптастыру

Тренинг форматы:

«Жетістіктер тізбегі» – әр педагог жетістігін атап, стикерге жазып, тақтаға жапсырады
«Мақтан етемін...» жаттығуы – әр педагог жыл ішіндегі басты мақтанышын айтып өтеді
Қорытынды: әдіскер әрбір педагогтің атқарған ісін қысқаша оң бағамен түйіндейді

4. 2024–2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)

Баяндамашы: Әдіскер Калдыбаева Р.А.

Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік, дене және эмоционалды құзыреттіліктері бойынша салыстырмалы талдау ұсынылды. Топтар бойынша құзыреттілік деңгейлері диаграмма арқылы көрсетілді. Диагностиканың негізінде келесі оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер қарастырылды

5. Аттестациядан отуға өтініш қабылдау

Жетекшілік: Меңгеруші мен әдіскер

Педагогтерге аттестациядан өту талаптары түсіндірілді. 2025–2026 оқу жылына өтініш қабылдау мерзімдері айтылды. Портфолио жинақтау бойынша кеңестер берілді

6. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту

Жетекшілік: Меңгеруші Левченко И.

Жаз мезгіліндегі серуендер, экскурсиялар, денсаулық сақтау шаралары, ойындар, спорттық іс-шаралар жоспары таныстырылды. Әр топтың тәрбиешісі мен жауапты тұлғалары бекітілді. Қауіпсіздік шараларын сақтау, ата-аналармен байланыс және ауа райы жағдайына сай баламалы жоспар жасау мәселелері қаралды

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:

1. №4 педкеңестегі шешімдердің орындалуы жақсы деп танылсын.
2. Барлық педагогтер өз есебін сәтті қорғап шықты. Жыл қорытындысы оң нәтижелі деп бағалансын.
3. Құзыреттілік диагностикасының нәтижесі негізінде келесі оқу жылына нақты ұсыныстар дайындалсын.
4. Аттестациядан өтуге ниетті педагогтер тізімі 2025 жылдың маусымына дейін толық бекітілсін.
5. Жазғы сауықтыру жоспары бекітілді, орындалуы үнемі бақылауда болсын.

Хаттаманы жүргізген:

Хатшы: Кубентаева У.А.

Бекітемін:

Меңгеруші Левченко И.Г.